



Оқушылардың республикалық олимпиадасына іріктеу (облыстық кезең)

II тур
10-сынып
(Қазақ тілі мен әдебиеті)

Облыстық кезеңге қатысушыларға қазақ тілі мен әдебиеттен 4 сұрақ қойылады.

Екінші турдың сұрақтарына берілген жауаптарды бағалау тәртібі:

Әр сұраққа қойылатын ең жоғарғы баға – 10 ұпай, бағалау мынадай критерийлерге негізделеді:

10-13 ұпай – жауабы ерекше, жауап барысында мектеп бағдарламасынан тыс мәліметтер мен деректерді келтіре отырып, терең білім алғанын байқатады;

8-9 ұпай – сұраққа толық жауап беріледі, кейбір қосымша мәліметтер келтіре білді;

5-7 ұпай – жауап барынша толық болмады, терминдерді түсіндіруде, анықтамалар мен ережелерді айтуда, сөйлем талдауда кейбір қателер кездесті;

3-4 ұпай – жауабы толық емес, дәрекі қателер кетті;

1-2 ұпай – сұраққа жауаптың қатысы жоқ, нақты емес.

Екінші турдан оқушының жинайтын ең жоғарғы ұпайы – 50. Олимпиаданың екі турынан да жоғары ұпай ала білген оқушының 100 ұпай жинауға мүмкіндігі бар.

№	Пән атауы	Мазмұны
1	Қазақ әдебиеті	<p><i>Лай суға май бітпес қой өткенге, Күлеміз қасқыр жалап, дәмемкенге. Сол қасқырша алақтап түк таппадым, Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе?</i></p> <p>Үзінді кімнің өлеңінен келтірілген? Бұл туындыда не туралы айтылатынын қысқаша баяндап беріңіз.</p>
2.	Қазақ әдебиеті	<p>1. Төмендегі өлең жолдарынан метафораны табыңыздар және дәлелдеңіз? <i>Тырбанғанда тырнақтай ғылым таптың, Мұнымен кірлі көңіл шаңқия ма? Қан жұтқан қайран сенің сұм жүрегің, Тазарып толған айдай маңқия ма? Тоярлық толық ғылым таппадым деп, Қабағың қайғы басқан салтия ма?</i></p> <p>2. Өлең жолдарынан эпитетті тіркестер тауып, дәлелдеңіз? <i>Мөлдіреп тұнып ауа таңғы уақыт, Дүние демін алып қалды жатып. Жұлдыздар түнде тұрған қарауылға Көз ілді ұйқы жеңіп балбыратып. Келеді алтын сағат көтеріліп, Бастауға кең әлемнің жұмыс күнін.</i></p>
3.	Қазақ тілі	<p>Жиһанкез өзінің қыпшағын еш уақыт тастаған емес. Қыпшағының қос ішегі алыста қалған туған жердің шерменді үнін қозғап, өткен күндерді, албырт жас шағын, от басында тұрып ән салған қыпшақтың жас сұлуларының әсем әндерін, айлы түндердегі жер солқылдатқан сарбаздар биін еске салатын. Сондайда ол музыка жайлы кітабын бітірсе, туған жерін есіне түсірер</p>



		<p>осынау сұлу сезімді мұңлы саздардан айырылып қалатындай боп қорқатын.</p> <p>Туған жерін еске алғанда оның көңілін ылғи жабырқау мұң басатын. Әсіресе соңғы жылдарда мүлде торлап алды. Туған жеріне бір қиялмен шарлап келмей көңілі орнына түспейді. Әрине, жер ортасынан асқан шақта ғұмырының жартысын білім қуып жат өлкеде тентіреумен өткізген жанның көкірегінде болар табиғи сағыныш еді бұл.</p> <p>Мәтін мазмұнымен танысып, сұрақтарға жауап беріңіз.</p> <p>а) Берілген үзінді Ә. Әлімжановтың қай шығармасынан алынған? ә) Мәтіннің негізгі ойы қандай? Басты кейіпкері кім? б) Мәтіндегі ойға сәйкес келетін мақал-мәтелді табыңыз.</p> <p>А) Туған жердей жер болмас. В) Жамандық қөрмей жақсы болмас. С) Мың асауға бір тосу. D) Көшерін жел, қонарын сай біледі. E) Ерді ел теңгерер.</p>
4.	Қазақ тілі	Қарамен берілген сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз.

- Тапсырманың орындалу уақыты 120 минут